

Облыстың сауда, қоғамдық тамақтану, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының, базарлардың 2005 жылдың көктемгі-жазғы кезеңдегі жұмысқа дайындығы байқауын өткізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімшілігінің 2005 жылғы 14 наурыздағы N 95 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 наурызда N 2394 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатына сәйкес

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275/1711/-МШ хатына сәйкес.

Тамақ объектілерінің санитарлық-техникалық жағдайын жақсарту, оларды көктемгі-жазғы кезеңдегі жұмысқа сапалы дайындау, тамақпен жаппай уланудың алдын-алу мақсатында, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 361-ІІ "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес облыс әкімшілігі қаулы е т е д і :

1. Облыстық сауда, қоғамдық тамақтану, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының , базарлардың 2005 жылдың көктемгі-жазғы кезеңдегі жұмысқа дайындығының облыстық байқауы 2005 жылғы 1-30 сәуір аралығында өткізілсін (бұдан әрі - А й л ы қ) .

2. Атырау қаласы және аудандар әкімдері:

1) объектілердің сыртқы келбетін тиісті санитарлық жағдайға сәйкес келтіру жөнінде шаралар алсын (сыртқы жөндеу, безендіру, іргелес аумақты көріктендіру, мандайша жазуларының, контейнерлік алаңдардың, урналардың б о л у ы) ;

2) жұмыс істеп тұрған рыноктарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру Ережесінің талаптарына сәйкес келтірсін;

3) көше саудасының берекесіз орындарын жоюды қамтамасыз етсін.

3. Тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану, сауда, базарлар объектілері, коммерциялық құрылымдар басшыларына ұсынылсын:

1) тамақ объектілерінің санитарлық-техникалық жағдайын, олар өндіретін өнімдердің сапасын жақсарту жөніндегі нақты іс-шаралар жасақтау;

2) объектілерді тиісті санитарлық жағдайға келтіру жөнінде шаралар алу, ағымдағы жөндеу жүргізу, су-канализация жүйелерін, тоңазытқыш жабдықтарын тексеруді, өндіріліп өткізілетін өнімдердің сұрыпталым тізбесін келісу және мемлекеттік санитарлық қызмет органдарының олардың жұмыс жасауына ресми р ұ қ с а т ы н а л у .

4. Атырау облысы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті, Атырау облысы Ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) Айлық өткізу барысына үнемі бақылау жүргізсін.

5. "Атырау-Ақпарат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы акционерлік қоғамының Атырау облыстық филиалы (келісім бойынша) байқау жүргізу барысын жүйелі түрде ж а р и я л а с ы н .

6. Атырау қаласы және аудандар әкімдері, Атырау облысы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті, Атырау облысы Ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) Айлық өткізу қорытындылары туралы облыс әкімиятына 2005 жылғы 6 мамырға дейін ақпарат берсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С. Рысқалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі